

2023 жылғы 29 қараша

**2023 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АЯҚТАЛҒАН ТОҒЫЗ АЙ МЕН ҮШІНШІ ТОҚСАН БОЙЫНША
 KAZ MINERALS ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Мыс өндіру¹	мың тонна	301,2	281,9	101,7	104,4	102,0
Ақтоғай	м/т	192,0	167,8	65,4	64,7	63,6
Бозшакөл	м/т	77,5	77,9	27,3	26,5	26,3
Шығыс өңірі және Бозымшақ	м/т	31,7	36,2	9,0	13,2	12,1
Алтын өндіру ²	мың унция	120,3	128,9	42,4	41,4	44,4
Күміс өндіру ²	мың унция	3 004	2 718	1 026	1 141	986
Концентраттағы мырыш	м/т	36,4	29,4	12,5	14,8	10,2
Мыс сату³	мың тонна	344,2	280,4	121,1	114,8	92,9
Алтын сату ⁴	мың унция	140,6	142,3	47,7	49,9	42,8
Күміс сату ⁴	мың унция	3 191	2 995	1 158	1 059	1 003
Концентраттағы мырыш сату	м/т	41,3	32,7	12,1	15,6	8,6

¹ Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

² Концентраттағы төленетін металл көлемі

³ Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

⁴ Толлинг сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

Негізгі көрсеткіштер

- 2023 жылдың алғашқы тоғыз айында KAZ Minerals Тобы 301 мың тонна мыс өндірді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға жоғары, бұған Ақтоғайда әлемдік деңгейдегі екінші байыту фабрикасын іске қосу арқылы қол жеткізілді.
- Концентраттағы мырыш өндіру 24%-ға өсті, өйткені өндіріс құрамында металл мөлшері жоғары жерлерде жүргізілді, бұл өнім алу коэффициентінің жоғарлауына ықпал етті. Топ құрамында металл мөлшері жоғары кенді қайта өңдегендіктен күміс өндіру көлемі 11%-ға өсті, ал Бозшакөл мен Бозымшақта қайта өңделетін кендегі металл мөлшерінің күтілетін төмендеуіне байланысты алтын өндіру көлемі 7%-ға төмендеді.
- Қазіргі уақытта Топ 2022 жылы жинақталған дайын өнім қорларын сатты, сонымен 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде мысты сату көлемі 344 мың тоннаны құрады, бұл өндіріс көлемінен 43 мың тоннаға асып түсті. Барлық ілеспе өнімді сату көлемі де өндіріс көлемінен асып түсті. Топқа өткен жылмен салыстырғанда теміржол логистикасының жақсаруы, сондай-ақ тапсырыс берушілердің тарапынан оның өнімдеріне жоғары сұраныс оң әсер етті.

KAZ Minerals Тобының Басқарма Төрағасы Эндрю Саузам: «2023 жылдың тоғыз айында KAZ Minerals Тобы 301 мың тонна мыс өндірді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7%-ға жоғары, бұған Ақтоғайда әлемдік деңгейдегі екінші байыту фабрикасын іске қосу арқылы қол жеткізілді. 2023 жылы Топ өткен жылы жинақталған дайын өнім қорларын сатты, сонымен мысты сату көлемі 2023 жылғы өндіріс көлемінен 43 мың тоннаға асып түсті» – деп пікір білдірді.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласуларыңызды өтінеміз:

KAZ Minerals

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +44 20 7901 7832 Тел.: +7 727 244 03 53

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7th Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom (7-қабат, Виктория көш., 83, Лондон SW1H 0HW, Ұлыбритания).

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған даму әлеуеті жоғары мыс өндіруші компания. Топ Абай облысындағы Ақтоғай және Орлов мыс кеніштерінде, Павлодар облысындағы Бозшакөл мыс кенішінде және Шығыс Қазақстан облысындағы екі жерасты кеніші мен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. 2022 жылы KAZ Minerals-та мыс өндірісінің жалпы көлемі 380 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 171 мың унция алтын, 3,8 млн унция күміс және концентраттағы 47 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық үлгідегі мыс кеніштері басым компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыру мақсатында Ақтоғайды кеңейту жобасы ресми түрде 2021 жылдың қазан айында іске қосылды, бұл ретте өнімді тапсырыс берушілерге алғашқы жөнелту 2021 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды.

KAZ Minerals компаниясында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-ға жуық адам жұмыс істейді.

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	58 130	52 143	20 464	18 674	18 592
Оксидті кен	мың тонна	14 129	12 752	4 394	4 583	4 005
Сульфидті кен	мың тонна	44 001	39 391	16 070	14 091	14 587
Оксидті кен						
Шоғырлы сілтісіздендіру панельдеріндегі кен	мың тонна	14 129	12 752	4 394	4 583	4 005
Мөлшері	%	0,31	0,28	0,28	0,34	0,28
Катодты мыс	мың тонна	18,4	18,6	6,7	6,5	7,0
Сульфидті кен						
Сульфидті кенді қайта өңдеу	мың тонна	40 754	37 053	14 263	13 272	12 964
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	20 969	21 435	7 394	6 675	7 281
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	19 785	15 618	6 869	6 597	5 683
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,51	0,48	0,49	0,52	0,50
Алу коэффициенті	%	87,6	88,4	87,2	88,9	90,7
Концентраттағы мыс	мың тонна	181,8	156,2	61,5	60,9	59,3
Мыс өндіру¹	мың тонна	173,6	149,2	58,7	58,2	56,6
Мыс өндіру барлығы²	мың тонна	192,0	167,8	65,4	64,7	63,6
Күміс өндіру ¹	мың унция	907	849	319	305	321
Концентраттағы молибден өндіру	тонна	2 679	1 425	933	868	444

¹ Концентраттағы төленетін металл.

² Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

2023 жылдың үшінші тоқсанында 20 464 мың тонна мөлшерінде кен өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға жоғары (2Т 2023: 18 674 мың тонна) және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10%-ға жоғары (3Т 2022: 18 592 мың тонна), себебі сульфидті байыту фабрикаларында қайта өңдеуге жеткілікті материалмен қамтамасыз ету үшін сульфидті кеннің қосымша көлемі өндірілді, бұл осы кезеңде олардың жалпы өнімділігін арттырады. Алғашқы тоғыз айда 58 130 мың тонна мөлшерінде өндірілген кен көлемі екі сульфидті байыту фабрикасының өскен қажеттіліктерін қамтамасыз ету және кенді болашақта қайта өңдеу мақсатында жинақтау үшін өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 11%-ға өсті (9 ай 2022: 52 143 мың тонна).

Ақтоғайда 2023 жылдың үшінші тоқсанында қайта өңделген сульфидті кеннің көлемі 14 263 мың тоннаны құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 7%-ға жоғары (2Т 2023: 13 272 мың тонна), бұл ретте екі фабрика да өнімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізді. Бірінші сульфидті фабрикада өндіріс көлемі 7 394 мың тоннаға дейін өсті (2Т 2023: 6 675 мың тонна), өйткені жағдайдың белсенді мониторингі тамыз айына жоспарланған ЖӨҰ диірменнің қаптамасын ауыстыру қазан айына ауыстырылуы мүмкін екенін көрсетті, ал жоспарлы техникалық қызмет көрсету екінші тоқсанда жүргізілді. Шілде айындағы жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты тұрып қалуға қарамастан 2 Сульфидті фабрикадағы өндіріс көлемі тоқсан ішінде 6 869 мың тоннаны құрады, бұл жобалық қуаттылықтан асып түсті және алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда жоғары (2Т 2023: 6 597 мың тонна), себебі Ақтоғай алаңының басшылығы екі байыту фабрикасында да қайта өңдеу қуатын оңтайландыруға ерекше назар аударуды жалғастырды. Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде Ақтоғайда 40 754 мың тонна мөлшерінде кенді қайта өңдеудің жалпы көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10%-ға жоғары болды, өйткені 2022 жылы екінші сульфидті фабрикадағы өндіріс әлі де толық қуатқа жету процесінде еді.

Сульфидті кеннен мыс өндіру 2023 жылдың үшінші тоқсанында 58,7 мың тоннаны құрады, бұл жалпы алдыңғы тоқсанның деңгейіне сәйкес келді (2Т 2023: 58,2 мың тонна), өйткені жоғары өнімділік қайта өңделетін кендегі металдың аз мөлшерінің әсерін өтеді. 2023 жылдың тоғыз айында мыс өндіру көлемі 173,6 мың тоннаға дейін, яғни өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 16%-ға өсті (9 ай 2022: 149,2 мың тонна), өйткені Ақтоғайда

өнімділік артып, қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері 0,51%-ға дейін өсті (9 ай 2022: 0,48%), бұл екінші сульфидті фабрикада қайта өңдеу көлемінің ұлғайғанын және 2023 жылы өндірілген кендегі мыс мөлшерінің артқанын көрсетеді.

Оксидті зауытта катодты мыс өндіру көлемі 3%-ға 6,7 мың тоннаға дейін өсті (2Т 2023: 6,5 мың тонна), өйткені бұл тоқсанда алдыңғы кезеңдерде сілтісіздендіру алаңдарында орналастырылған мыстың қосымша көлемі алынды. Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде 18,4 мың тонна көлеміндегі катодты мыс өндірісі өткен жылдағы салыстырмалы кезеңнің деңгейінде болды (9 ай 2022: 18,6 мың тонна).

2023 жылдың тоғыз айында 192,0 мың тоннаны құраған мыс өндірісінің жалпы көлемі өткен кезеңнің салыстырмалы кезеңіндегі өндіріс көлемінен 14%-ға (9 ай 2022: 167,8 мың тонна) асып түсті, өйткені Ақтоғайда сульфидті кенді қайта өңдеу көлемі мен қайта өңделген кендегі мыс мөлшері ұлғайды.

Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде күміс өндірісі 7%-ға 907 мың унцияға дейін өсті (9 ай 2022: 849 мың унция), бұл екінші сульфидті фабрикада өнімділіктің артуына және екі фабрикада да қайта өңделген кендегі күміс мөлшерінің жоғары болуына байланысты. Осы жылдың тоғыз айында концентраттағы молибден өндірісі 88%-ға 2 679 тоннаға дейін өсті (9 ай 2022: 1 425 тонна). Ақтоғай ТКБК басшылығы өнімді алу коэффициентін едәуір жақсартуға қол жеткізді, молибден өндірісі 2022 жылдың ақпанында пайдалануға берілген екінші сульфидті фабрикада өндіріс көлемінің ұлғаюынан да пайда көрді.

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	24 761	19 995	7 614	8 720	7 222
Сульфидті кен	мың тонна	19 936	17 623	6 511	6 999	5 542
Сазды кен	мың тонна	4 825	2 372	1 103	1 721	1 680
Қайта өңделген кен	мың тонна	24 659	24 919	8 419	8 353	8 398
Мыс						
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,42	0,44	0,42	0,42	0,43
Мыс алу коэффициенті	%	79,0	75,0	79,9	80,0	76,0
Концентраттағы мыс	мың тонна	81,1	81,5	28,5	27,8	27,5
Мыс өндіру¹	мың тонна	77,5	77,9	27,3	26,5	26,3
Алтын						
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,21	0,22	0,22	0,21	0,22
Алтын алу коэффициенті	%	54,7	54,6	54,9	55,5	54,8
Концентраттағы алтын	мың унция	92,2	97,6	33,4	31,7	32,8
Алтын өндіру²	мың унция	86,2	91,4	31,2	29,7	30,8
Күміс өндіру¹	мың унция	620	556	215	223	209

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі.

2023 жылдың үшінші тоқсанында 7 614 мың тонна кен өндірілді, бұл алдыңғы тоқсанның көрсеткішімен салыстырғанда 13%-ға төмен (2Т 2023: 8 720 мың тонна), өйткені жинақталған кен сульфидті фабрикаға да, сазды кенді қайта өңдеу фабрикасына да жеткізілді. 2023 жылдың тоғыз айында 24 761 мың тонна мөлшерінде кен өндіру көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 24%-ға өсті (9 ай 2022: 19 995 мың тонна), жыл басынан бастап осы уақытқа дейін байыту фабрикаларында қоймалардан емес, карьерден тікелей жеткізілетін материалдар көбірек қайта өңделді.

2023 жылдың үшінші тоқсанында 8 419 мың тонна мөлшерінде қайта өңделген кен көлемі 2023 жылдың екінші тоқсанындағы көлем деңгейінде болды (8 353 мың тонна), бұл ретте екі байыту фабрикасы да жобалық қуаттан асатын деңгейде жұмыс істеуді жалғастырды. 2023 жылдың тоғыз айында Бозшакөлде 24 659 мың тонна кен қайта өңделді, бұл жалпы өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне сәйкес келеді (9 ай 2022: 24 919 мың тонна). Жыл басынан бастап осы уақытқа дейін сульфидті фабрикада қайта өңдеу көлемі жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты төмендеді, ал сазды кенді қайта өңдеу фабрикасында 2022 жылдың алғашқы тоғыз айымен салыстырғанда кеннің көп мөлшері қайта өңделді.

2023 жылдың үшінші тоқсанында мыс өндірісі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға 27,3 мың тоннаға дейін өсті (2Т 2023: 26,5 мың тонна), бұл өткізу қабілеттілігінің жоғарылауына байланысты болды, ал қайта өңделетін кендегі мыс мөлшері мен өнім алу коэффициенті жалпы өзгеріссіз қалды. Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде мыс өндірісі 77,5 мың тоннаны құрады, бұл жалпы өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне сәйкес келеді (9 ай 2022: 77,9 мың тонна). Бозшакөл ТКБК басшылығы кеніштен байыту фабрикасына дейінгі процесті және байыту фабрикаларындағы реагенттер режимін оңтайландыру арқылы мыс алу коэффициентін арттыруға күш салды. Нәтижесінде осы кезеңде қайта өңделген кеннің орташа мыс мөлшерінің төмендеуіне қарамастан 2023 жылдың тоғыз айында мыс алудың орташа коэффициенті 4 пайыздық тармаққа 79,0%-ға дейін өсті (9 ай 2022: 75,0%).

2023 жылдың тоғыз айында 86,2 мың унция мөлшеріндегі алтын өндіру көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6%-ға төмендеді (9 ай 2022: 91,4 мың унция), бұл бірінші кезекте қайта өңдеу көлемінің төмендегенін және қайта өңделген кендегі алтын мөлшерінің азайғанын көрсетеді. Күміс өндірісі екі фабрикада да қайта өңделетін кендегі күмістің жоғары мөлшеріне байланысты 11%-ға 620 мың унцияға дейін өсті (9 ай 2022: 556 мың унция).

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	1 997	2 732	746	652	891
Қайта өңделген кен	мың тонна	2 584	2 734	816	986	941
Мыс						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшер	%	1,46	1,55	1,34	1,60	1,52
Шығыс өңірі	%	1,91	1,95	1,80	2,01	1,90
Бозымшақ	%	0,59	0,66	0,57	0,60	0,64
Орташа алу коэффициенті	%	88,2	89,8	86,4	88,6	89,2
Шығыс өңірі	%	88,3	89,9	86,2	88,7	89,3
Бозымшақ	%	87,7	88,5	87,6	87,6	88,9
Концентраттағы мыс	мың тонна	33,4	38,1	9,5	13,9	12,7
Шығыс өңірі	мың тонна	28,8	33,3	7,9	12,4	11,1
Бозымшақ	мың тонна	4,6	4,8	1,6	1,5	1,6
Мыс өндіру¹	мың тонна	31,7	36,2	9,0	13,2	12,1
Шығыс өңірі	мың тонна	27,3	31,6	7,5	11,8	10,5
Бозымшақ	мың тонна	4,4	4,6	1,5	1,4	1,6
Алтын өндіру ¹	мың унция	34,1	37,5	11,2	11,7	13,6
Күміс өндіру ¹	мың унция	1 477	1 313	492	613	456
Концентраттағы мырыш	мың тонна	36,4	29,4	12,5	14,8	10,2

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі.

2023 жылдың алғашқы тоғыз айында 1 997 мың тонна мөлшерінде кен өндіру көлемі Бозымшақ карьерінде өндірістің жоспарланған қысқаруы салдарынан өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27%-ға төмен (9 ай 2022: 2 732 мың тонна), өйткені жерасты өндіруге көшуді қамтамасыз ету үшін аршу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың үшінші тоқсанында Шығыс өңіріндегі Орлов байыту фабрикасында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты жыл басынан бастап 30 қыркүйекке дейінгі аралықта кенді қайта өңдеу көлемі 5%-ға 2 584 мың тоннаға дейін қысқарды (9 ай 2022: 2 734 мың тонна). Үшінші тоқсанда Бозымшақтағы кенді қайта өңдеу көлемі жобалық қуаттылықтан асатын деңгейде қалды, өйткені кен өндіру көлемінің жоспарланған қысқаруын қалпына келтіру үшін жинақталған кен қайта өңделді.

Қайта өңделетін кендегі мыс мөлшерінің күтілетін азаюына, өнім алу коэффициентінің төмендеуіне және Орлов БФ-да жөндеу жұмыстарынан кейін өнімділіктің төмендеуіне байланысты 2023 жылдың тоғыз айында мыс өндіру көлемі 12%-ға 31,7 мың тоннаға дейін төмендеді (9 ай 2022: 36,2 мың тонна). 2023 жылғы 3 тоқсанда 9,0 мың тонна көлеміндегі мыс өндірісі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 32%-ға төмендеді (2Т 2023: 13,2 мың тонна), Шығыс өңірінің фабрикаларында өндіріс көлемі мыс мөлшері мен өнім алу коэффициентінің төмендеуіне, сондай-ақ Орлов БФ-да жүргізілетін жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарына байланысты төмендеді.

Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде алтын өндірісі 9%-ға 34,1 мың унцияға дейін төмендеді (9 ай 2022: 37,5 мың унция), бұл ретте Бозымшақтағы алтын мөлшері де, байыту фабрикаларындағы өндіріс көлемі де күткендей төмендеді. 2023 жылдың 3 тоқсанында 11,2 мың унция көлеміндегі алтын өндірісі алдыңғы тоқсанның деңгейінен 4%-ға төмен болды (2Т 2023: 11,7 мың унция), өйткені кендегі алтын мөлшері мен Шығыс өңіріндегі алтын алу коэффициентінің артуы Бозымшақтағы мөлшердің төмендеуімен және Шығыс өңіріндегі байыту фабрикаларында өнімділіктің төмендеуімен теңгерілді.

2023 жылдың тоғыз айында 1 477 мың унция күміс өндірісі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12%-ға жоғары (9 ай 2022: 1 313 мың унция), бұл қайта өңделген кендегі күмістің мөлшері жоғары болуына және Шығыс өңірінде өнім алу коэффициентінің жоғарылауына байланысты болды, бұл өнімділік төмендеудің орнын толтырды. 2023 жылдың үшінші тоқсанында күміс өндірісі 492 мың унцияны құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 20%-ға аз (2Т 2023: 613 мың унция), негізінен Шығыс өңірінде төмен өткізу қабілеттілігіне байланысты болды.

Жыл басынан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде 36,4 мың тонна мөлшеріндегі концентраттағы мырыш өндірісі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 24%-ға жоғары (9 ай 2022: 29,4 мың тонна), өйткені Шығыс өңірінің екі байыту фабрикасына да кендегі мырыштың жоғары мөлшері мен мырыш алу коэффициенті оң әсер етті. 2023 жылғы 3-тоқсанда 12,5 мың тонна көлеміндегі концентраттағы мырыш өндірісі 16%-ға төмендеді (2Т 2023: 14,8 мың тонна), оған өнімділіктің төмендеуі кері әсерін тигізді, ол екі фабрикада да қайта өңделетін кендегі мырыштың жоғары мөлшерімен жартылай қалпына келтірілді.

ҚОСЫМША – МЕТАЛЛ ӨНДІРІСІ

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Мыс өндіру¹	мың тонна	301,2	281,9	101,7	104,4	102,0
Ақтоғай	мың тонна	192,0	167,8	65,4	64,7	63,6
Бозшакөл	мың тонна	77,5	77,9	27,3	26,5	26,3
Шығыс өңірі	мың тонна	27,3	31,6	7,5	11,8	10,5
Бозымшақ	мың тонна	4,4	4,6	1,5	1,4	1,6
Алтын өндіру²	мың унция	120,3	128,9	42,4	41,4	44,4
Бозшакөл	мың унция	86,2	91,4	31,2	29,7	30,8
Шығыс өңірі	мың унция	8,3	9,0	2,9	3,2	3,2
Бозымшақ	мың унция	25,8	28,5	8,3	8,5	10,4
Күміс өндіру²	мың унция	3 004	2 718	1 026	1 141	986
Ақтоғай	мың унция	907	849	319	305	321
Бозшакөл	мың унция	620	556	215	223	209
Шығыс өңірі	мың унция	1 289	1 110	431	554	389
Бозымшақ	мың унция	188	203	61	59	67
Концентраттағы мырыш	мың тонна	36,4	29,4	12,5	14,8	10,2
Шығыс өңірі	мың тонна	36,4	29,4	12,5	14,8	10,2
Концентраттағы молибден	тонна	2 798	1 514	955	923	449
Ақтоғай	тонна	2 679	1 425	933	868	444
Бозшакөл	тонна	119	89	22	55	5

¹ Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

² Концентраттағы төленетін металл.

ТОЛЛИНГ СҰЛБАСЫ БОЙЫНША ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ДАЙЫН МЕТАЛДАР

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Катодты мыс	мың тонна	90,7	79,7	36,8	27,7	26,6
Ақтоғай – сульфидті кен (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	35,1	15,4	17,3	9,6	6,4
Ақтоғай – оксидті кен	мың тонна	18,4	18,6	6,7	6,5	7,0
Бозшакөл (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	3,8	3,5	0,3	2,3	1,2
Шығыс өңірі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	27,3	37,7	10,3	7,6	10,9
Бозымшақ (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	6,1	4,5	2,2	1,7	1,1
Құймалардағы алтын өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	42,5	33,0	17,0	12,8	10,4
Құймалардағы күміс өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	789	315	510	149	119,0

ҚОСЫМША – ШЫҒЫС ӨҢІРІ ЖӘНЕ БОЗЫМШАҚ

		9 ай 2023	9 ай 2022	3 Т 2023	2 Т 2023	3 Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	1 997	2 732	746	652	891
Орлов кеніші	мың тонна	634	704	204	215	242
Артемьев кеніші	мың тонна	852	878	283	288	304
Ертіс кеніші	мың тонна	311	354	103	106	117
Бозымшақ	мың тонна	200	796	156	43	228
Қайта өңделген кен	мың тонна	2 584	2 734	816	986	941
Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	551	670	119	241	227
Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	1 153	1 232	393	453	430
Бозымшақ байыту фабрикасы	мың тонна	880	832	304	292	284
Алтын						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	г/т	0,71	0,74	0,70	0,66	0,76
Шығыс өңірі	г/т	0,48	0,48	0,47	0,46	0,48
Бозымшақ	г/т	1,15	1,33	1,08	1,14	1,40
Орташа алу коэффициенті	%	61,7	61,1	65,3	59,5	63,2
Шығыс өңірі	%	33,5	32,4	40,3	33,4	34,0
Бозымшақ	%	84,6	85,0	83,6	84,6	86,6
Концентраттағы алтын	мың унция	36,3	39,9	11,9	12,5	14,6
Шығыс өңірі	мың унция	8,9	9,6	3,2	3,4	3,5
Бозымшақ	мың унция	27,4	30,3	8,7	9,1	11,1
Алтын өндіру²	мың унция	34,1	37,5	11,2	11,7	13,6
Шығыс өңірі	мың унция	8,3	9,0	2,9	3,2	3,2
Бозымшақ	мың унция	25,8	28,5	8,3	8,5	10,4
Күміс						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	г/т	35,4	30,8	36,9	38,0	30,1
Шығыс өңірі	г/т	49,3	40,0	54,0	50,5	39,1
Бозымшақ	г/т	8,6	9,7	8,2	8,3	9,4
Орташа алу коэффициенті	%	55,2	53,3	55,8	55,9	55,0
Шығыс өңірі	%	52,5	49,8	53,3	53,9	51,7
Бозымшақ	%	84,9	86,2	83,7	84,3	86,2
Концентраттағы күміс	мың унция	1 623	1 443	540	674	502
Шығыс өңірі	мың унция	1 416	1 220	473	608	428
Бозымшақ	мың унция	207	223	66,7	66	74
Күміс өндіру¹	мың унция	1 477	1 313	492	613	456
Шығыс өңірі	мың унция	1 289	1 110	431	554	389
Бозымшақ	мың унция	188	203	61	59	67
Мырыш						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	%	2,81	2,24	3,19	2,84	2,32
Орлов байыту фабрикасы	%	3,58	3,21	3,76	3,43	3,46
Николаев байыту фабрикасы	%	2,44	1,71	3,02	2,53	1,72
Орташа алу коэффициенті	%	75,9	69,0	76,3	75,2	66,9
Орлов байыту фабрикасы	%	69,1	64,5	63,0	66,8	61,3
Николаев байыту фабрикасы	%	80,7	73,7	81,3	81,1	72,9
Концентраттағы мырыш	мың тонна	36,4	29,4	12,5	14,8	10,2
Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	13,6	13,9	2,8	5,5	4,9

Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	22,8	15,5	9,7	9,3	5,3
---------------------------	-----------	------	------	-----	-----	-----

¹ Концентраттағы төленетін металл.